

Иран Ислам Республикасының Сыртқы істер министрі Камаль Харразидің Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 11 маусымдағы N 124-ө
өкімі

Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасының арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және Иран Ислам Республикасының Сыртқы істер министрі Камаль Харразидің 2003 жылғы 11-12 маусымдағы Қазақстан Республикасына ресми сапарын Астана қаласында дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі:

Иран Ислам Республикасының Сыртқы істер министрі Камаль Харразидің 2003 жылғы 11-12 маусымдағы Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) Астана қаласында дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін;

сапарды өткізуге, соның ішінде иран делегациясы мүшелерінің қонақ үйде тұруына және тамақтануына 2003 жылға арналған республикалық бюджетте 042 "Өкілдік шығыстар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражаттың есебінен 675200 (алты жүз жетпіс бес мың екі жүз) теңге сомасында қаражат бөлсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша) қосымшаға сәйкес Иран Ислам Республикасы ресми делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Иран Ислам Республикасының ресми делегациясы мүшелерінің әуежайдағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, сондай-ақ жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі белгіленген тәртіппен:

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп Иран Ислам Республикасы Сыртқы істер министрінің арнайы ұшағының Қазақстан Республикасының аумағы үстінен ұшып өтуін, Астана қаласының әуежайына қонуын және ұшып шығуын;

